

Е.А. Жалмагамбетов¹ Э.Ж. Әзіретбергенова²

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы
Алматы қаласы, Қазақстан*

*²т.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қаласы, Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КЕЗЕҢНІҢ ОРНЫ

Аңдатпа

Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуындағы кезеңдердің ішінде Қызылордалық кезең ерекше орын алмақ. Қызылорда қаласына орталықтың көшуі өлкедегі саяси және қоғамдық өмірге жаңа серпіліс берді. Басқа өңірлерден Қызылорда қаласына білім іздеп жастар келе бастады. Астаналық мәртебені иемденгеннен кейін Қызылорда қаласында жаңадан білім ошақтары ашыла бастады. Орынбор қаласынан Қазақ ағарту институты, медициналық училищелер көшіп келді. Қалада бірінші және екінші санаттағы білім беретін мектептер ашылды. Алыс жерлерде тұратын адамдар үшін арнайы интернаттар ашыла бастады. Интернаттардың жұмыстарын арнайы комиссиялар үнемі қадағалап жүрді. Қазақ әдебиетіне зор үлесін қосқан Ғабиден Мұстафин Қызылорда қаласына 1925 жылы келіп, осы жерде білім алды. Сонымен қатар білім беру жүйесінде С. Мұқанов, А. Кенжин және басқа да қазақ интеллигенция өкілдері қызмет атқарды.

Кілт сөздер: Қызылорда, Қазақстан, Білім беру, Мектеп, Қазақ АКСР

E.A. Jalmagambetov¹ E.Zh. Aziretbergenova²

*¹ teacher of the Kazakh National Pedagogical University named after Abaya
Almaty, Kazakhstan*

*² candidate of historical sciences, senior lecturer,
Kazakh National Pedagogical University named after Abaya
Almaty, Kazakhstan*

THE ROLE OF THE KYZYLORDA PERIOD IN THE DEVELOPMENT OF THE EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN

Abstract

The Kyzylorda period in the development of the education system of Kazakhstan occupies a special place. The center's move to the city of Kyzylorda gave a new impetus to the political and public life of the region. Young people seeking education started coming to the city of Kyzylorda from other regions. After assigning the status of the capital in the city of Kyzylorda began to open up new educational institutions. The Kazakh Institute of education and medical schools moved from Orenburg. The city has opened educational schools of the first and second categories. Special boarding schools were opened for people living in remote areas. The work of boarding schools was constantly monitored by special commissions. In 1925, the famous writer Gabiden Mustafin worked and studied in the city of Kyzylorda. Also, S. Mukanov, A. Kenzhin and other representatives of the Kazakh intelligentsia worked in the education system.

Keywords: Kyzylorda, Kazakhstan, education System, School, Kazakh AKSR

Е.А. Жалмагамбетов¹ Э.Ж. Әзіретбергенова²

¹ преподаватель Казахского национального педагогического университета им. Абая
Алматы, Казахстан

² кандидат исторических наук, старший преподаватель,
Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан

РОЛЬ КЫЗЫЛОРДИНСКОГО ПЕРИОДА В РАЗВИТИИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Кызылординский период в развитии системы образования Казахстана занимает особое место. Переезд центра в город Кызылорда дал новый импульс политической и общественной жизни региона. Из других регионов в город Кызылорда начали приезжать молодые люди, ищущие образование. После присвоения статуса столицы в городе Кызылорде начали открываться новые образовательные учреждения. Из Оренбурга переехали Казахский институт просвещения, медицинские училища. В городе открыты образовательные школы первой и второй категорий. Для людей, проживающих в отдаленных районах, начали открываться специальные интернаты. За работой интернатов постоянно следили специальные комиссии. 1925 году известный литератор Габиден Мустафин работал и учился в городе Кызылорда. Также в системе образования работали С. Муқанов, А. Кенжин и другие представители казахской интеллигенции.

Ключевые слова: Кызылорда, Казахстан, Система образования, Школа, Казахская АКСР

1925 жылдың басына дейін Ақмешіт қаласында орта білім беретін 3 мектеп қызмет істеген. Жалпы Перовск қаласында 687 оқушы болған. Соның ішінде 170 оқушы қазақ, 517 оқушы басқа ұлт өкілдерінен құралған еді. XX ғасырдың басында республика қалаларында қазақ тұрғындары аз мекен еткен еді.

Сонымен қатар жергілікті қазақ тұрғындары өздерінің балаларын молдаларға немесе медреселерге оқуға жіберіп тұратын. Осыған байланысты Ақмешіт қаласындағы орта білім беретін мектептерде қазақ балаларының саны орыс ұлты оқушыларына қарағанда көп болмады. Төмендегі кесте бойынша Перовск-Ақмешіт-Қызылорда қаласында 1925 жылға дейін қызмет көрсеткен білім беру мекемелері, онда оқыған оқушылар саны және қызметкерлері көрсетілген. Төмендегі беріліп отырған 1 кестедегі мәліметтерге қарасақ қала бойынша білім беретін мекемелердің барлығы орта білім алуға арналғандығын көруге болады.

Кесте 1 – 1925 жылдың басындағы Қызылорда қаласындағы мектептердегі оқушылар мен қызметкерлерінің саны

Мекеме түрі	Саны	Орналасуы	Оқушылар		Қызметкерлер		Техникалық қызметкерлер
			қазақ	басқа ұлттар	қазақ	басқа ұлттар	
1	2	3	4	5	6	7	8
Бірінші санаттағы мектеп	9	Перовск Қаласында	170	517	10	18	6
Бірінші санаттағы мектеп	32	Перовск уезі бойынша	1569	358	35	11	31
Өнер мектебі	1	Перовск	5	70	-	5	1
Мұражай	1	Перовск	-	-	-	1	-
Кітапхана	1	Перовск	-	-	-	2	1
Барлығы	44		1744	945	45	37	39

Көрсетілген кестедегі мәліметтерге жүгінсек қаладағы мектептерде оқитын оқушылардың көп бөлігі басқа ұлттардың өкілдерінен құралған еді. Ал уезд бойынша ұлттық үлес салмақ керісінше болды. Қала тұрғындарының құрамы негізінен еуропалық ұлттар және жергілікті қазақ халқынан құралды. Қаладағы жалпы білім беретін мекемелермен қатар арнайы денсаулығы нашар немесе әлеуметтік жағынан жағдайы төмен балаларға арналған мекемелер жұмыс істеді.

Қызылорда қаласында денсаулығы нашар және денсаулығының туа біткен ақаулықтары бар балаларға бейімделген арнайы балабақша жұмыс істеді. Балабақшада арнайы дәрігер қызмет көрсетті және бұл дәрігер балалардың денсаулығын тексеріп, қажет жағдайда ем беріп отырды. Балабақшада балалар төрт сағаттан алты сағатқа дейін болатын. Бұл мекемеде елуден алпыс балдырғандарға дейін емделуге мүмкіндік алды. Балабақшаның негізгі штаты 5 қызметкерден тұрды [1, 21п]. Балабақшада шалдыққан дертіне байланысты балаларға арнайы ем беріп отырды. Балабақшада балалар күніне бес мезгіл тегін тамақ ішуге мүмкіндік алды. Әсіресе жұқпалы немесе қатты ауруға шалдыққан балалардың тамақтануы жақсы жолға қойылды. Балабақшаға балаларды ата-аналары өздері алып келіп, кешкі уақытта қайтадан алып кететін. Балабақша қызметкерлері орталықта тұратын балаларды үйлеріне дейін жеткізіп тұратын.

Қызылорда қаласы мектептеріндегі басты мәселе – оқу үдерісінен тыс мезгілде оқушылардың уақытын үнемді өткізу еді. Қалалық білім басқармасының ұсынысымен барлық мектептердің жанынан арнайы үйірмелер құрылды. Бұл құрылған клубтар мен үйірмелерде оқушылар арасында жарыстар ұйымдастырылып, сабақтан тыс уақытта кітап, газеттерді оқытып отырды. Мектептерде үйірмелерге арнайы аптасына бір күн қарастырылып, оқушыларды сабақтарынан босататын. Сабақ кестесі бойынша өткізілетін сабақтар келесі күнге ауыстырылатын. Мектеп кестесін даярлағанда клуб күнін мектеп бағдарламасына енгізіп отырды. Қызылорда қаласында мектептер жанында құрылған клубтар өз бастамасын 1925 жылдан алады. Осы жылы қалада өлкелік деңгейде жұмыс істейтін пионерлердің орталық бюросы құрылған еді. Бюроньң қолдауымен қаладағы клубтардың жұмысы жандана бастады. Клубтың негізгі міндеті мектеп ішінде немесе мектептен тыс уақытта оқушылардың дүниетанымдық талпынысын күшейту болды. Сонымен қатар оқушы мектептегі сабағынан тыс уақытында клубтарда қосымша сабақтар оқи алды. Клубтың жетекшілері мектептің мұғалімдері болған. Мұғалімдер оқушылардың талпынысын қолдап отырды. 1926 жылдан бастап Қызылорда қаласында орналасқан барлық мектептерде клуб күні енгізілді. Ал ауылдық жерлерде бұл шараларға аптасына 1 немесе 2 сағат бөліп отырды [2, бп]. Мектептегі клуб күні әр кезде әртүрлі өтетін. Мәселен мектеп басшылығы мен жастар ұйымының белсенділері оқушылармен бірге мұражайларға, кітапханаларға, қалаға жақын орналасқан әскери казармаларға, балалар үйіне, фабрика немесе шағын зауыттарға экскурсиямен барып тұратын. Мектептегі клуб күнінің екі түрі болған. Бірінші мектеп ішіндегі жұмыс. Екіншісі мектептен тыс, сыныппен бірге серуендер мен экскурсияларға шығу болды. Мектеп ішіндегі үйірмелерде ер балалар мен қыздар театрландырылған көріністер қойып, кей уақыттарда қойылымның сценариясын өздері жазып отырған. Сонымен қатар балалар мен қыздарға арналған бөлек үйірмелер жұмыс істеді. Мәселен, ұлдар өз үйірмелерінде радио және басқада техникалық құрылғылармен танысатын болса, қыздар тоқыма және басқада қолөнерлік жұмыстармен шұғылданған.

Қызылорда қаласында балалар мен жасөспірімдерге арналған мектептермен қатар ересек адамдарға арналған білім ордалары болды. Бұл кеңес үкіметінің сауатсыздықпен күресу мақсатында құрылған мектептері еді. Кеңес одағындағы сауатсыздықпен күресуі шараларымен қатар үгіт-насихаттық жұмыстар жүрді. Әсіресе бұл үрдіс Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттерінде қарқынды жүрді. Сауаттылық ашу кезінде большевиктік идеология ересек адамдардың санасына егіліп отырды. Сондықтан қазақ жерінде кеңес билігін нық орнату үшін ересек адамдарға арналған мектептерде идеологиялық мақсатта үгіт-насихат жүргізіліп отырған. Оған дәлел ретінде, шала сауатты немесе сауатсыз ересектер үшін арнайы шығарылған бағдарламаларда сабақ кезінде В.И. Ленинның еңбектерін оқуға ұсынды [3]. Сонымен қатар сабақ барысында жергілікті немесе республикалық газеттерді оқытып, олардағы мақалаға түсіндірмелер жүргізіп отырған. Әсіресе кеңес үкіметінің жағымды және оның жүргізіп отырған саясатының оң жақтары туралы әңгімелер айтылып отырды. Ал, мектептердегі өткізетін бағдарламаның ішінен есеп шығару тәсілдерін үйретіп және жеңіл әдеби кітаптарды оқытып, дәріс берген. Сауатсыздықты жою мектептерінде партия өкілдері мен мемлекеттік қызметкерлер дәріс оқып тұрды. Күнделікті сабақта мұғалімдер ересек тәлімгерлерге газет пен кітаптармен жұмыс жасауды үйретіп отырды. Мысалы, тәлімгерлерге кітапты оқудан бұрын, оның атын, беттерін, баспасына, қай жерде және қашан шыққанына назар аударуға үйретті. Ал газет және журналмен жұмыс

жасағанда оның атына, басқармасына, жазылу бәсіне, мекен-жайына және баспасына мән беруге кеңес берді.

Қала басшылығы тарапынан мектептердегі оқылатын бағдарламалармен қатар оқушылардың санитарлық-гигиеналық жағдайы қадағаланып отырылды. Ақмешіт қаласындағы №2 интернат оқушыларының жағдайын мысалға келтіруге болады. Интернат оқушыларының жеткіліксіз тамақтануының салдарынан анемиялық ауруларға, ұйықтайтын орындардың нашарлығынан оқушылар арасында көз ауруларына шалдыққандары анықталды. Қаражат тапшылығынан балаларды моншаларға шомылдырмаған, соның есесінен оқушылар арасында биттеу фактілері тіркелді. Жасөспірімдерді моншада шомылдырудың орнына Сырдарияға апарып жуындырған. Берілетін сабындардың саны шектеулі болғандықтан интернат оқушыларының біраз бөлігі сабынсыз қалып отырды. Жалпы интернатта жастары 7-15 аралығында болған 45 оқушыдан осындай фактілер анықталған еді [4, 3п]. Төсек орындары да өз уақытысында жуылып тұрмаған. Себебі суды қайнататын ағаштардың тапшылығы байқалды. Оқушылар лас төсектерде ұйықтауға мәжбүр болды. Балаларға қажетті медициналық көмек бекітілген тәртіп бойынша жүргізілмеді. Себебі қалалық аурухана дәрігерлерінің жүктемесі көп болғандықтан оқушылар толық қараудан өтуге мүмкіндік алмады. Жетімдер үйінің орналасқан ғимараты гигиеналық талаптарға сәйкес келмеді. Терезелер қажетті әйнектермен жабықталмаған, есіктердің көп бөлігі сынық болған, қоқыс лақтыратын жерлер жиналмаған және толып кеткен. Оқушылар көшелерден ағаш жинап, жиналған отындарды тамақ әзірлеуге пайдаланды.

Интернаттарды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін интернат ауласында арнайы егіс алқаптары егілді. Мәселен, қалалық №2 интернат пен жетімдер үйінде 7 пұт картошка, 8 пұт бидай, 1,5 пұт сұлу егілді. Сонымен қатар жергілікті халықтың күшімен 20 пұт бидай, 18 пұт арпа, 10 пұт картошка және 5 пұт сұлу отырғызылды [5, 21п]. Жеміс-жидектермен қамтамасыз ету ісі кенжеленіп қалды. Жергілікті білім беру басқармасының жоспарында көкөністер егу жұмыстарын ұйымдастыру болды.

1923 жылдың 1 қыркүйек айында Ақмешіт қаласында қазақ және орыс балаларына арналған 7 жылдық екі мектеп, бір жетімдер үйі (қазақтар үшін арналған), орыстар және басқа ұлттарға арналған екінші жетімдер үйі, 1 санаттағы еуропалық халықтарға арналған мектеп, татар мектебі және бірінші санаттағы яхудей мектебі, бір кәсіби мектеп, өнер мектебі, қалалық кітапхана жұмыс істеп тұрды. 1923 жылдың 1 желтоқсанында қала бойынша қаражаттың тапшылығынан мектептер саны азайды. Нәтижесінде қала бойынша 7 жылдық екі мектеп, 1 татар мектебі және екі жетімдер үйі қалды [6, 8п].

Білім беру мекемелеріндегі қаражаттың тапшылығынан оқу үдерісі дұрыс жүргізілмеді. Оқулықтар жетіспеді, қалам және қағаздар болмады. Бірақ сабақтар өз кестесімен жүргізіліп тұрды. Мұғалімдердің күші және ынтасы арқасында сабақтар толық өткізілді. Қалалық жетімдер үйінде оқушылары арасында өзін-өзі басқару тәжірибесі енгізілді. Қалалық №1 жетімдер үйінде балаларға арналған ұсталық шеберханалар ашылды. Жетімдер үйінің балалары қалалық мектептерге білім алуға жіберілді.

1924 жылы интернаттардың типтік бағдарламасы бойынша мұғалімдерге күніне өтілетін айлық сағат мөлшері 16 сағаттан аспауы тиіс еді. Оның 4 сағаты оқу-тәрбие ісіне, 2 сағаты үйірмелік жұмысқа, 6 сағаты кезекшілікке, 4 сағаты мектептегі жұмыстарға бөлінді. Ал түнгі кезекшіліктегі 8 сағат төленбеді. Өйткені қалалық бюджет тарапынан кезекшілікке төленетін қаражат қарастырылмады [6, 182п]. Жетімдер үйінде балаларға арналған арнайы көркем фильмдер көрсетіліп тұрды. Балалардың арасында жартылай және төл жетімдер болған. Қабылданған тәртіп бойынша балаларға арнайы айына 1200 пұт ұн, 150 пұт жарма және 300 пұт ет берілу тиіс болды [7, 60п].

Қазақ, татар, өзбек және еуропалық ұлттардың балалары оқитын мектептерде сабақтар ана тілінде жүргізілді. Сонымен қатар төрт топта орыс тілдері оқытылды. Мектептерде оқытылатын пәндер Мемлекеттік оқыту кеңесінің ұсынған бағдарламасы бойынша жүргізілді. Әр триместрге арнайы өндірістік бағдарлама жасалып тұрды [7, 75п]. Осы бағдарлама бойынша әр мектеп өздігінше календарлық (жұмыс) жоспарын бекітті. Ал татар мектептерінде кейбір топтарға арналған бағдарламалар Татар республикасының білім беру халық комиссариаты ұсынған оқу жоспары бойынша жасалды. Қала мектептерінде уездік дене шынықтыру кеңесінің басшылығымен дене шынықтыру сабақтары өткізіліп тұрды. 9 жылдық мектептерде қосымша әскери ісі сабағы жүргізілген. Балаларға эстетикалық тәрбие беру мақсатында әдеби кештер, ән сабағы және спектаклдер қойылды.

Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының білім беру жүйесі иерархиясының бірінші сатысында жоғары оқу орындары тұрды. Ол бірінші және екінші курстік бағдарламадан құралған білім жүйесінің бөлігі еді. Жоғары оқу орнына оқуға түсі үшін азаматтар мақсатты жолдама алуға тиіс еді. Қабылдау емтиханы арқылы да үміткерлер оқуға түсуге мүмкіндік алды. Жоғары оқу орындарынан кейін екінші сатыда техникумдар тұрды. Оларда оқу мерзімі үш немесе төрт жылды құрады. Техникумдармен бір қатарда үш жылдық екінші сатыдағы мектептер болды. Мектепті бітірген талапкер техникумдарға түсуге құқылы болды. Мектепті бітірмеген азамат техникумдарға түсе алмады. Техникумдардың ішінде жергілікті қазақ тұрғындарына арналған дайындық курстар, фабрикалық білім беру курстары және жұмысшылар факультеттері болды. Мектептердің қатарына үш немесе төрт жылдық арнайы кәсіби мектептер, үш жылдық бірінші санаттағы интернат мектептері (13 пен 15 жас аралығындағы балалар үшін), шаруа жастарына арналған мектептер (14–17 жас аралығында) кірді. Білім жүйесінің ең төменгі сатысында балабақшалар, мектеп жасына дейінгі дайындық курстар болды. Білім жүйесінде арнайы партиялық мектептер мен партия қызметкерлерін даярлайтын курстар болды [8, 202п]. Бұл курстар мен мектептер партия қызметкерлерінің төменгі буындарын оқытты. Курстарды бітірген адамдар жоғарғы оқу орындарына түсуге мүмкіндік алған. Мектептегі оқу жүйесін халық ағарту комиссариаты бақылап, бағдарламалар бекітіп тұрды. Олардың жүзеге асырылуын жергілікті білім басқармасына жүктеді. Жоғары оқу орындары мен мектептерде оқылатын курстарды мәжілістер арқылы бекітті. Оқытушылыққа жергілікті мұғалімдер мен басқа өңірлерден шақырылған үміткерлер қабылданды. Оқулықтар мен курстар даярлауда жергілікті білім беру басқармасы жастық ерекшеліктерді ескеріп, балалардың психологиялық күйін бақылып отырған.

Қазақстан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының орталық қаласын Орынбордан Ақмешіт қаласына көшірілгеннен кейін, Қызылорда қаласындағы білім беру ісі қолға алына басталды. Аспандияр Кенжиннің комиссиясы көшірілетін мемлекеттік қызметкерлердің балаларына арналған қосымша мектептерді салу үшін құрылыс жұмыстарын бастады. Сонымен қатар Қызылорда қаласында қызмет істеген Халық комиссарлар кеңесі жанынан құрылған құрылыс комитеті мен оның құрылыс бюросы қосымша қаражат есебінен қалада жаңадан мектептерді тұрғызу іс-шараларымен айналасты. Бірақ осыған қарамастан қаладағы білім беру ісі кенжеленіп отырды. Мәселен, 1925 жылы Аспандияр Кенжиннің комиссиясы құрамында жасақталған арнайы топтың жұмысы нәтижесінде қаладағы мектеп салу ісі және олардың жағдайын түзеуге байланысты халық комиссарлар кеңесіне ұсыныс берді. Қалада жұмыс істеп келген үш білім мекемесі «Ақжол», «В.И. Ленин» және «А. Байтұрсынов» атындағы интернаттарындағы жағдай туралы мәселе қозғалды. Бірінші, «Ақжол» атындағы интернат Қызылорда қаласынан 3 шақырым жерде орналасқан болатын. Интернатта 8-15 жас аралығындағы 51 ер бала оқыған. Бұл интернаттың іші санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмеді. Балалардың дәріс алатын және ұйықтайтын бөлмелері тар, әрі лас болған. Медициналық бақылау әлсіз жүргізілген. Балаларда аяқ киім болмаған. Үстіне киетін киімдерден тек қана бір костюм болды. Төсек орындары лас, оларды жуатын сабындар мен арнайы химиялық тазалағыш заттар мүлдем болмады. Балалар азанғы асқа қанты бар бір шыны шай және бір тілім нан (3 айда әр балаға белгіленген норма бойынша 1,5 кг қант), түскі асқа 100 грамм еті қосылған сорпа, кешкі асқа ет қосылған сорпа немесе ботқа берілген. Бірақ жалпы алғанда тамақтану мәселесі қанағаттанарлық дәрежеде болған. Бұл республиканың интернаттарында қабылданған нормаларға сәйкес келетін. «Ақжол» интернатындағы қызметкерлер саны талаптарға сәйкес болмады. Оның басты себепкері қаржыландырудың нашарлығы және қажетті кадрлардың жетіспеушілігінен болды. Мәселен, интернаттың меңгерушісі жүктемесіне қосымша тәрбие жұмыстары мен шаруашылық ісі жүктелді. Сонымен қатар уездік комсомолдық ұйымдар балаларға саяси басшылық жасап отырды. Интернатты барлық тәлімгерлері пионерлік ұйымға мүшелікке қабылданған еді.

«В.И. Ленин» атындағы интернатта 123 балалар тұрған. Олардың барлығы 8-16 жас аралығындағы ер балалардан құралды. Интернаттың орналасқан ғимараты техникалық жағынан өте нашар күй кешкі. Интернаттағы балалар ұйықтайтын бөлмелеріндегі терезелерінің әйнектері сынық болды. Интернат қабырғасында орналасқан бөлмелердегі температура үнемі төмен градуста тіркеліп тұрды. Санитарлық бақылау болмаған. Тамақ ішетін ыдыс-аяқтардың жетіспеушілігінен балалар екі ауысым тамақтанды. Балалардың көп бөлігі қышыма ауруына шалдыққан еді.

«В.И. Ленин» атындағы интернатында оқитын балаларға аяқ киім, сыртқы киімдер толық жетіспеді. Матрас, төсек орындар жеткілікті болғанымен, олардың тазалық дәрежесі сын

көтермеген. Ішкі киімдердің азшылығынан, балалар екі ауысымда оқуға мәжбүр болды. Интернаттың қызметкерлері екі тәрбиешіден және интернат меңгерушісінен тұрды. Интернат меңгерушісі өзінің тікелей қызметімен қатар мұғалімдік қызмет атқарды. Бұл интернаттағы білім беру ісінің кенжеленуіне соқты. Интернаттың екі оқушысы пионерлік ұйымға, ал қалған балалар комсомол ұйымының мүшелігінде болатын.

«Ахмет Байтұрсынов» атындағы интернат-мектепте 63 балалар оқыған. Жоғарыдағы екі интернат сияқты бұл интернатта да киім-кешекпен және басқа да қажетті тұрмыстық заттармен қамтылу дәрежесі төмен болды. «Ақжол» интернатындағы жағдай сияқты ыдыс-аяқтар аз болды. Санитарлық бақылау нашар, әрі қажетті дәрігерлік көмек өз уақытысында көрсетілмеген. «А. Байтұрсынов» атындағы интернаттағы қызметкерлер саны бір адамнан тұрды. Интернаттың меңгерушісі өзінің қызметімен қатар тәрбиешінің, мұғалімнің және шаруашылық бөлім жұмыстарын атқарып жүрді. «Ахмет Байтұрсынов» атындағы мектеп-интернаттың оқушылар тек қана төсек-орындармен және сүлгілермен жақсы қамтылған еді.

Интернаттардағы жағдайды түзету үшін Қазақстан Халық комиссарлар кеңесінің жанынан арнайы комиссия құрылды. Екі айдың ішінде тіркелген кемшіліктерді жоюға уақыт берілді. Бұл комиссияға орталықты көшірумен айналысқан А. Кенжиннің комиссиясымен тығыз жұмыс істеуді тапсырды. Бірінші кезекте интернаттардағы қалыптасқан санитарлық жағдайларды түзетуді қолға алуды ұсынды [10, 4-6п].

1924 жылы интернаттардағы жағдай бұдан да ауыр халде болған. Мәселен, 1924 жылдың 28 желтоқсан күні губерниялық білім басқармасының жетекші маманы А. Шпедт, прокурордың көмекшісі А. Құрмаев және Ақмешіт уезінің әскери комитетінің басшысымен бірге «А.В. Луначарский» атындағы интернатқа тексеріспен келді. Тексеріс нәтижесі комиссияның мүшелерін қатты таң қалдырды. Сол уақытта интернатта 29 ер, 23 қыз балалар білім алды. Олар 4 жастан 14 жасқа дейінгі балалардан тұрған еді. Интернат қызметкерлері тарапынан балаларға қажетті деңгейде көңіл бөлінбеген. Балалар аздап жуынбайтын, венерологиялық ауруға шалдыққан балалар да тіркелген еді. Медициналық көмек қажетті деңгейде мүлдем көрсетілмеген болатын. Күнделікті тамақтануы сын көтермеді. Май және қант берілмеді. Балалардың таңғы асы бір тілім қара нан және қантсыз шайдан тұрды. Түскі асқа бір кесе майы қосылған сорпа, кешкі асқа балаларға тек қана қайнаған су берілетін.

Тамақтың азшылығынан интернатта тұратын оқушылар көшеге шығып, өздері ақша табатын. Сол тапқан ақшаға нан, бидай сатып алып, азық ретінде қолданатын. Балалардың үстіндегі киімдері кір, кей жерлері жыртық болған. Кейбір балалар қажетті киімдерсіз жүрген. Интернат қабырғасындағы тәрбиеленушілерінің біраз бөлігі аяқ киімнің тапшылығынан мектепке бара алмаған. Интернат оқушылары көшелерде теңселіп, бақылаусыз жүрген. Қалалық балалар комиссиясы арнайы адамдарды жүктеп, қараусыз жүрген балалардың тізімін жасауға тапсырды. Олардың білім алатын интернаттарын анықтап, интернат директорларына қатысты жазалау шараларын қолдануды тапсырды. Ал балаларды интернаттарға апарып, оларды қажетті заттармен қамтамасыз ету үшін білім басқармасы қаражат бөлуді ұйғарды. Сонымен қатар, интернат балаларының көпшілігі сабақ уақытысында сыныптарда болмай, көшелерде ойнап, қараусыз жүрген.

Қараусыз қалған балалар көшедегі байлаулы немесе бос жүрген үй жануарларды жетектеп, солармен ойнап жүрген болатын. Мұндай жағдайлар Қызылорда қаласының орталық көшелерінде жиі тіркеліп тұратын. Мектеп-интернат қызметкерлері мұндай фактілерді білгенімен, қажетті дәрежеде мән бермеді. Білім беру басқармасы осы мәселені ескеріп арнайы комиссияларды жасақтады. Құрылған комиссиялардың басты мақсаты интернат қызметкерлерінің жұмысын тексеру және жоғарыда тіркелген жағдайлардың алдын алып тұру болатын. Қызылорда қаласына астананың көшіп келуімен қатар Қазақстанның өңірлерінен және басқа қалаларынан сан алуан кәсіптегі адамдардың ағылып келуі байқалды. Қараусыз жүрген балалардың көпшілігі қылмыстық немесе заңсыз кәсіппен айналысатын адамдардың ықпалы түсіп қалуы мүмкін еді. Қаланың қарбалас тыныс-тіршілігінде қараусыз жүрген балаларға ешкім мән бермеді. Сол себепті білім басқармасы мен үкіметтің тапсырысымен арнайы комиссия жұмыс істеп, тікелей өз басқармаларына бағынды.

Интернаттардағы тазалық және гигиеналық нормаларды сақтау өте нашар болған. Сонымен қатар балалардың үстіндегі киімдері арнайы химиялық заттармен тазаланбады. Интернат ішіндегі бөлмелердің тазалығы сын көтермеді. Интернаттың оқу ғимараттары күрделі жөндеуден өтпегендігі анықталды. Интернат балаларының жағдайы нашар болу себептері интернат меңгерушісінің өз қызметіне немқұрайлықпен қарауы болды.

Қызылорда қаласында «А.В. Луначарский» атындағы жетім балалар үйі жұмыс істеді. Бұл интернат Қызылорда қаласының орталығында орналасқан болатын. Интернаттың ғимараты шағын, әрі ескі болды. 63 оқушы төрт бөлмеге жайғастырылды [9, 11-12п]. Ер және қыз балалар бөлек орналастырылды. Орындардың жетіспеушілігінен бір төсекке 3 немесе 4 баладан жатқызылды. Санитарлық нормалар дұрыс сақталынбады. Көптеген балалар дәрігерлік қараудан өтпеген еді. Дәрігерлік тексеріс апталығында «А.В. Луначарский» атындағы жетім балалар үйінде мерездің жабық түрімен ауыратын бір бала анықталды.

Қазақстан орталық қаласы Орынбордан Ақмешіт қаласына көшіп келгеннен кейін, қалаға республикалық маңызы бар білім беру мекемелері де көшіп келді. Көшіп келген оқу мекемелерінің ішінде Қазақ халық ағарту институты болатын. Қазақ халық ағарту институтының студенттері айына 16 сом 38 тиын стипендия алып отырды. Пәтерде тұратын студентерге айына қосымша 8 сом беріліп отырған [11, 3п]. Қазақ халық ағарту институтының оқытушылары айына төмендегідей жалақы алып отырған: Қазақ халық ағарту институтының директоры – 225 сом, оқытушылары – 261 сом, оқу бөлімінің меңгерушісі – 250 сом, делбеші – 45 сом, Қазинпрос техникалық қызметкерлері – 45 сом.

Қызылорда қаласындағы білім беру жүйесінің дамуына жергілікті интеллигенция және қоғам қайраткерлері өз үлестерін қосты. Білім беру саласында тұрғындарға өз сауатын ашу үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Қала тұрғындарының күнделікті өміріндегі білім беру саласы өте маңызды орын алды. Күнделікті оқу процесі барысында халықтың дүниетанымы қалыптасуына, олардың ділінің өзгеруіне әсер етті. Қала тұрғындары білім сапасына бас назар аударды. Бірақ мектептердегі күнделікті берілетін сабақтардың мазмұндық жағында идеологиялық акцент басым еді. Қызылорда қаласындағы мектептерде берілетін білімнің идеологиялық басымдылығы ересек адамдарға арналған мектептерде, жоғары партияның қызметкерлерін даярлайтын, орта білім беретін бірінші және екінші санаттағы мектептерде көрініс тапты. Орта білім беретін мектептерде оқу үдерісімен қатар тәрбие беру қатар жүрді. Сонымен бірге балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ұйымдастырылған үйірмелер оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда маңызды қызмет атқарды.

Қызылорда қаласының астаналық кезеңінде білім беру жүйесінде белгілі мемлекеттік және қоғам қайраткерлері қызмет істеді. Солардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Асфандияр Кенжин, Лияс Жансүгіров, Ғаббас Тоғжанов, Ахмет Жұбанов, Ораз Жандосов, Смағұл Сәдуақасов, Әбдірахман Байділдин және т.б. Білім беру саласының дамуына қазақ интеллигенциясының қосқан үлесінің бағасы жоқ. Олар өздерінің негізгі жұмыстарымен қатар мектептер мен институтта сабақ беруге уақыт тауып отырған. Қызылорда қаласына жастар арнайы өз ісінің майталмандарынан білім алу үшін оқу іздеп келді. Шағын қаланың дамуында мұндай серпіліс Қызылордаға қатты әсер етті. Бұл әсер әрине оң динамикалық түрде жүрде. Қаладағы орын алған оң өзгерістер халықтың білім алуына зор мүмкіндіктерге жол ашты.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві 82 – қор, 1 – тізбе, 405 – іс, 21 – парақ.*
- 2 *Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві 82 – қор, 1 – тізбе, 542 – іс, 6 – парақ.*
- 3 *Erersek cala savattlar mektebinin praqram "ondiris pen avldaqlarga". –Қзыл-Орда, 1928. – 17 б.*
- 4 *Оңтүстік Қазақстан орталық мемлекеттік архиві. 242 – қор, 1 – тізбе, 16 – іс, 3 – парақ.*
- 5 *Оңтүстік Қазақстан орталық мемлекеттік архиві. 242 – қор, 1 – тізбе, 16 – іс, 21 – парақ.*
- 6 *Оңтүстік Қазақстан орталық мемлекеттік архиві. 242 – қор, 1 – тізбе, 63 – іс, 8 – парақ.*
- 7 *Оңтүстік Қазақстан орталық мемлекеттік архиві. 147 – қор, 1 – тізбе, 167 – іс, 60 – парақ.*
- 8 *Қазақстан Республикасының Президентінің Мұрағаты. 141 – қор, 1 – тізбе, 340 – іс, 202 – парақ.*
- 9 *Оңтүстік Қазақстан орталық мемлекеттік архиві. 74 – қор, 1 – тізбе, 18 – іс, 4-5-6-11-12 – парақ.*
- 10 *Оңтүстік Қазақстан орталық мемлекеттік архиві 233 – қор, 1 – тізбе, 18 – іс, 4-6 – парақ.*
- 11 *Қызылорда Облысының мемлекеттік архиві 4 – қор, 1 – тізбе, 7 – іс, 3 – парақ.*

12 References:

- 13 1 Central State Archive of the Republic of Kazakhstan fund 82, list 1, case 405, sheet 21.
- 14 2 Central State Archive of the Republic of Kazakhstan fund 82, list 1, case 542, Parak 6.
- 15 3 Ererek cala savattlar mektebinin praqram "ondiris pen avdaqlarga". - Kzyl-Orda, 1928. - 17 p.
- 16 4 Central State Archive of South Kazakhstan. Fund 242, list 1, case 16, sheet 3.
- 17 5 Central State Archive of South Kazakhstan. Fund 242, list 1, case 16, sheet 21.
- 18 6 Central State Archive of South Kazakhstan. Fund 242, list 1, case 63, sheet 8.
- 19 7 Central State Archive of South Kazakhstan. Fund 147, list 1, case 167, sheet 60.
- 20 8 Archive Of The President Of The Republic Of Kazakhstan. Fund 141, list 1, case 340, sheet 202.
- 21 9 Central State Archive of South Kazakhstan. Fund 74, list 1, case 18, sheet 4-5-6-11-12.
- 22 10 Central State Archive of South Kazakhstan fund 233, list 1, case 18, sheet 4-6.
- 23 11 state archive of Kyzylorda region Fund 4, List 1, Case 7, sheet 3.